

Ленин тууы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 223
(6924)
1944 жыл
Сәрсенбі
8 Ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

Енді Қызыл Армияның ақырғы қорытынды міндеті қалып отыр. Ол: неміс-фашист армиясын талқандау ісін одақтастарымыздың армияларымен бірге аяқтап шығу, неміс-фашист аюанды оның өз үңгірінде біржолата күрту және Берлин үстіне жеңіс туын тігу.

И. СТАЛИН.

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығы

Еңбекшілер депутаттары Москва Советінің, Москва қаласының партия, қоғам ұйымдарымен бас қосқан 1944 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжілісінде

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі И. В. Сталин жолдастың баяндамасы

Жолдастар!

Бүгін совет адамдары біздің елде советтік революцияның жеңгендігінің 27 жылдығын мейрамдайды.

Еліміз советтік революцияның мерекесін неміс-фашист басқыншыларға қарсы отан соғысы жағдайында төртінші рет қарсы ұшып отыр.

Мұнан, әрине, өзінің қорытындысы жағынан соғыстың төртінші жылының, соғысқа бұдан бұрынғы үш жылынан өзгешелі жоқ деген мағна тумайды. Қайта, бұл жылдардың арасында негізгі айырмашылық бар. Егер соғыстың алғашқы екі жылы неміс әскерлері шабуыл жасап, еліміздің іші-қарай ілгерілеген, Қызыл Армияға қорғалу ұрыстарын жүргізуге тура келген кездер болса, ал соғыстың үшінші жылы біздің қорғанымызда негізінен өзгеріс жасалған, Қызыл Армия қуатты шабуыл ұрыстарын

I. Германия екі мәй

әскерлеріміздің осы жылдың январінен бастап, оған кейін бүкіл есепті жыл бола неміс әскерлеріне қыйрата берген та соққысы Қызыл Армияның быйыл шешуі жеңістерге жетуін және немістердің соңынан қуылып шығуын күні бұрын күтті.

Неміс әскерлеріміздің алғашқы соққысы быйыл январь айында Ленинград пен Новгород түбінде, Қызыл Армия немістердің ұзақ уақытқа арналған қорғану бекіністерін қыйлап, оларды Прибалтикаға қуған кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде Ленинград облысы азат етілді.

Екінші соққы быйылғы февраль—мартта өзені-бойында, Қызыл Армия неміс әскерін талқандап, оларды Днестрден асып қуған кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде Оңжақ жағалаудағы Украина неміс-фашист басқыншылардан азат етілді.

Үшінші соққы быйылғы апрель—майдан арасында, неміс әскерлері Қара теңізге қуып түсірілген кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде Қырым мен Одесса түбіндегі құлдығынан азат етілді.

Төртінші соққы быйылғы июньде Карель-Фин ауданында, Қызыл Армия фин әскерлерін қыйратып, Выборг пен Петрозаводскті азат еткен және финдерді Финляндия түкпіріне қуып тыққан кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде Карель-Фин Республикасы жерінің көбі азат етілді.

Бесінші соққы немістерге быйылғы июльде, Қызыл Армия Витебскі, Бобруйск, Могилев түбінде неміс әскерлерінің қорғануын шығарған кезде берілді және Қызыл Армия өзінің осы соққысын Минскіне немістердің отыз дивизиясын қорғануынан аяқтады. Бұл соққының нәтижесін қорғанымыз: а) Белорус Советтік Республикасын толық азат етті; б) Висла өзеніне жетіп, бізбен одақтас Польшада дәуір жерін азат етті; в) Неман бойына жетіп, Литва Советтік Республикасының көбін азат етті; г) Неман өзеніне жетіп, Германия шекарасына жетті. Алтыншы соққы быйылғы июль—августта

өрістетіп, бірсыпыра шешуші ұрыстарда немістерді қыйратқан, совет жерінің үштен екісін неміс әскерлерінен тазартып, оларды қорғануға көшуге душар еткен, мұнымен қатар Қызыл Армия одақтастардан елеулі көмек ала алмай, неміс басқыншыларға қарсы соғысты әлі де жекпе-жек жүргізген жыл болса, соғыстың төртінші жылы совет армиялары және одақтастарымыздың армиялары неміс әскерлерін қыйратып, шешуші жеңістерге жеткен, бұл жолы лажсыз екі майданда соғыс жүргізген немістер Германияның шекараларына қуылған жыл болды.

Өткен жылдың қорытындысы неміс әскерлерін Советтер Одағының, Францияның, Бельгияның, Орта Италияның жерінен қуып шығумен және соғыс қыймылдарын Германия жеріне көшірумен аяқталды.

Батыс Украина ауданында, Қызыл Армия Львов түбінде неміс әскерлерін қыйратып, оларды Сан мен Висладан асыра қуған кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде: а) Батыс Украина азат етілді; б) әскерлеріміз Висладан өтіп, Вислаиың ар жағында Сандомирдің батыс жағында табан тірейтін күшті бекініс құрды.

Жетінші соққы быйылғы августта Кишинев—Яссы ауданында, әскерлеріміз неміс әскерлерінің тас-талқанын шығарған кезде берілді және Қызыл Армия өзінің бұл соққысын Кишинев түбінде, румын дивизияларын есептемегенде, немістердің 22 дивизиясын қоршаумен аяқтады. Бұл соққының нәтижесінде: а) Молдавия Совет Республикасы азат етілді; б) Германияның одақтасы—Румыния саптан шығарылды, ол Германия мен Венгрияға соғыс жариялады; в) Германияның одақтасы—Болгария саптан шығарылды, ол да Германияға соғыс жариялады; г) Германияның Европадағы ақырғы одақтасы—Венгрияға өтуге біздің әскерлерімізге жол ашылды; д) неміс басқыншыларға қарсы күрестегі одақтасымыз Югославияға қол созып көмектесуге мүмкіншілік туды.

Сегізінші соққы быйылғы сентябрь—октябрьде Прибалтикада, Қызыл Армия Таллин мен Рига түбінде неміс әскерлерін қыйратып, оларды Прибалтикадан қуып шыққан кезде берілді. Бұл соққының нәтижесінде: а) Эстония Совет Республикасы азат етілді; б) Латвия Совет Республикасы жерінің көбі азат етілді; в) Германияның одақтасы—Финляндия саптан шығарылды, ол Германияға соғыс жариялады; г) немістердің отыздан аса дивизиясы Пруссиядан бөліп тасталып, Тукумс пен Либава арасындағы әскерлеріміз оларды бұл жерде жоюды аяқтауда. (ҰЗАҚ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Быйылғы октябрьде Тисса мен Дунай арасында Венгрия ауданында біздің әскерлеріміздің тоғызыншы соққысы басталды, мұндағы мақсат—Венгрияны соғыстан шығарып, оны Германияға қарсы салу. Әлі

аяқталмаған бұл соққының нәтижесінде: а) немістерді қуып шығып, Белградты азат ету ісінде әскерлеріміз одақтасымыз Югославияға тікелей көмектесті; б) әскерлеріміз Кариат тауларынан өтіп, одақтасымыз Чехословакия республикасына қол созып көмектесуге мүмкіншілік алды, Чехословакия жерінің бір бөлігі қазірдің өзінде неміс басқыншылардан азат етілді.

Ақыр-аяғында, осы жылғы октябрьдің аяқ шенінде неміс әскерлеріне соққы Солтүстік Финляндияда, неміс әскерлері Печенга ауданынан қуылған кезде әскерлеріміз немістерді өкшелете қуа отырып, одақтасымыз Норвегия жеріне өткен кезде берілді. (ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Бұл қыймылдардың нәтижесінде дұшпанның, өлгені және қолға түскені бар, адам шығыны туралы, әскерлеріміз қолға түсірген әзірленген танктердің, самолеттардың, қарулардың саны туралы және басқалары туралы мәліметтер келтірмеймін. Бұл мәліметтер Совет Хабаршы бюросының хабарларынан өздеріңізге мәлім.

Неміс әскерлерін еліміздің жерінен қуып шығуға жеткізген Қызыл Армияның өткен жылғы басты операциялары осындай.

Бұл операциялардың нәтижесінде немістердің және олардың одақтастарының 120 дивизиядай әскері қыйратылып, қатардан шығарылды. Біздің майданға бытыр қарсы тұрған 257 дивизияның ішінде 207 неміс дивизиясы болды; қазір оның орнына «жаппай» және «төтенше» мобилизациялардың бәрінен кейін, біздің майданға қарсы немістер мен венгрлердің небары 204 дивизиясы, оның ішінде немістердің көп болғанда 180 дивизиясы бар.

Қазіргі соғыста Гитлер Германиясы және оның фашистік армиясы өткен барлық соғыстардағы Германия мен оның армиясынан күшті, залым және тәжірибелі дұшпан болып шыққанын мойындау керек. Оның үстіне, немістер бұл соғыста бүкіл Европаның дерлік өндіріс күштерін және өзінің жетегіндегі мемлекеттердің едәуір армияларын қайдалана алды. Егер, соғыс жүргізуге Германия үшін қолайлы болған бұл жағдайларға қарамастан, оның сонда да сөзсіз апатқа ұшырау халінде тұрғанын, мұны Германияның бас дұшпаны—Советтер Одағының күш жағынан Гитлер Германиясына

басым болып шығуынан деп түсіну керек. (ДУ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Гитлер Германиясына қарсы соғыстағы өткен жылғы бір жаңалық Қызыл Армия бұл жылы неміс әскерлеріне қарсы өзінің операцияларын өткен жылдардағыдай жалғыз өзі жүргізбей, одақтастарымыздың әскерлерімен бірге жүргізгендігі болды деп есептеу керек. Тегеран конференциясы босқа өткен жоқ. Тегеран конференциясының Германияға батыстан, шығыстан және оңтүстіктен бірлесіп соқы беру туралы қарары тамаша дәлме-дәлдікпен жүзеге асырыла бастады. Қызыл Армияның совет-герман майданындағы жазғы операциялары мен біздің одақтастар әскерлері Францияға өту жорығын бастап, қуатты шабуыл операцияларын ұйымдастырды, мұның нәтижесінде Гитлер Германиясына лажсыз екі майданда соғысуға тура келді. Одақтастарымыздың ұйымдастырылуы және кең өрістілігі жағынан бұған дейін тарихта болып көрмеген операция жасап, немістердің бекіністерінен шеберлікпен өтті.

Сөйтіп, Германия екі майданның арасында қыспақта қалды.

Күткендегідей, жау Қызыл Армия мен одақтастардың әскерлерінің күш біріктірген соққысына төтеп бере алмады. Жаудың қарсылығы тойтарылды, оның әскерлері аз уақыттың ішінде Орта Италияның, Францияның, Бельгияның, Советтер Одағының жерінен қуып шығарылды. Жау Германияның шекарасына қуылды.

Европада немістердің 75 дивизиясын өзіне қарсы қойып отырған екінші майдан ұйымдастырылмаса, әскерлеріміз неміс әскерлерінің қарсылығын мұндай қысқа мерзімнің ішінде жеңіп, оларды Советтер Одағының жерінен қуып шыға алмаған болар еді, бұған күмән болмауы керек. Сол сияқты, Қызыл Армияның быйыл жазда немістердің 200дей дивизиясының күшін өзіне аударған қуатты шабуыл операциялары болмаса, одақтастарымыздың әскерлері неміс әскерлерін тез арада жеңіп, оларды Орта Италияның, Францияның, Бельгияның жерінен қуып шыға алмаған болар еді, бұл да күмәнсіз.

Міндет—Германияны келешекте де екі майданның арасында қыспақта ұстау болады.

Жеңіс кілті осында.

II. Отан соғысында совет халқының ұлы ерлігі

Егер Қызыл Армия өзінің алдындағы борышын ойдағыдай орындап, немістерді совет жерінен қуып шыққан болса, бұл бүкіл еліміздің, еліміздің барлық халықтарының оған тылдан жанаймай жәрдемдескендігінің арқасы. Барлық совет адамдарының—жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның жанқиярлық жұмысы, сол сияқты мемлекеттік және партиялық орындарымыздың басшылық қызметі өткен жылы «Барлық майдан үшін» деген ту астында жүргізілді.

Өткен жыл өнеркәсібімізде, ауыл шаруашылығында, транспортта жаңа табыстарға

жеткен, соғыс шаруашылығымыз оған өзінің өрлеген жыл болды.

Соғыстың төртінші жылында заводтарымыз танктерді, самолеттерді, зеңбіреттерді, минометтерді, оқ-дәріні соғыстың бас кезіндегіден бірнеше есе артық жасап отыр. Ауыл шаруашылығын қалпына келтірудегі ең қиын кезеңнен өттік. Дон мен Кубаның құнарлы егін даласы елімізге қайтарылғаннан кейін, Украина азат етілгеннен кейін ауыл шаруашылығымыз ауыр шығындардан тез түзеліп келеді. Совет темір жол транспорты түскен салмаққа төтеп

(Жалғасы 2-бетте).

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығы

Еңбекшілер депутаттары Москва Советінің Москва қаласының партия, қоғам ұйымдарымен бас қосқан 1944 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжілісінде

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі

И. В. Сталин жолдастың баяндамасы

жерді, басқа елдің транспортының мұны ұтқарып шығуы екіталай болар еді. Мұның бәрі совет мемлекетінің экономикалық қабілетінің жау мемлекеттердің экономикасынан әлде қайда күшті болып шыққанын көрсетеді.

Октябрь революциясы туғызған социалистік құрылыс халқымызға және армиямызға жеңілмейтін ұлы күш берді. Соғыстың күшті ауырталығына қарамастан, еліміздің экономика жағынан маңызы аса зор аудандарын немістердің уақытша басып алғанына қарамастан, совет мемлекеті соғыстың барысында майданды қару-жарақпен, оқ-дәрімен жабдықтауды кеміткен жоқ, қайта жылдан-жылға арттырып отырды, Қызыл Армияның танктері, зеңбіректері, самолеттері қазіргі уақытта неміс армиясының кем емес, қайта одан көп. Соғыс техникамыздың сапасына келсек, ол жаудың қару-жарағынан әлде қайда артық. Ұзаққа созылған жекпе-жек ауыр күресте фашист әскерлерін Қызыл Армияның жеңгені сияқты, совет тылының еңбекшілері гитлер Германиясымен және оның сыбайластарымен жекпе-жек күресте жауды экономикалық жақтан жеңіп шықты. (ДУ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ). Майданға көмекті негүрлым көп беру үшін совет адамдары өздерінің көп хажетін өтеуден тартынды, тұрғындарының еңбегін мұқтаждыққа санақшыны қайтпас жігерін, ерлік рухын мұқата алмады, қайта онан сайын шынықтырды. Халқымыз қаһарман халық деген орынды даңққа ие болды.

Біздің жұмысшы табы өзінің барлық күшін жеңіс жолына жұмсауда, өндіріс техникасын үздіксіз жақсартып, өнеркәсіп орындарының қуатын арттыруда, жаңа фабрикалар мен заводтар салуда. Советтер Одағының жұмысшы табы бұл соғыста асқан еңбек ерлігін көрсетті.

Интеллигенциямыз техника мен мәдениет жөнінде жаңалықтар табу жолымен батыл алға басуда, қазіргі дәуірдің ғылымын ойдағыдай ілгері өркендетуде, бұл ғылымның табыстарын Қызыл Армия үшін қару-жарақ жасау ісіне тапқырлықпен қолдануда. Совет интеллигенциясы өзінің жемісті еңбегімен жауды талқандау ісіне баға жетпес көмек көрсетті.

Қазіргі уақыттың қаруынсыз армия соғыста жеңе алмайды. Сол сияқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Колхозшы шаруалардың қамқорлығы арқасында Қызыл Армия соғыстың төртінші жылында азық-түлік жағынан тапшылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен интеллигенцияны, азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде.

Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда еңбектің негізгі салмағын көтерген совет әйелдері мен даңқты жасарымыздың еңбек майданындағы теңдесі жоқ ерлік істері тарихтан мәңгі орын алады. Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін совет әйелдері, жастары мен қыздары еңбек майданында ерлік, батырлық көрсетуде. Олар отанымызды неміс-фашист жауыздардан қорғап жүрген әкелері мен балаларына, ерлері мен аға-інілеріне сай болды.

Майдандағы жауынгерлеріміздің соғыстағы мәңгі өшпейтін ерлік істері сияқты, тылдағы совет адамдарының еңбек майданындағы ерлік істерінің де қайнар бұлағы — рух беруші жалынды совет отаншылдығында.

Совет отаншылдығының күші нәсілді немесе ұлттық соқыр сезімге негізделмей, халқымыздың өзінің совет отанына шын берілгендігінде, адалдығында, еліміздің барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық достығына негізделуінде. Совет отаншылдығында халықтардың ұлттық дәстүрлері мен Советтер Одағының барлық еңбекшілерінің өздеріне жалпы ортақ тұрмыс мүдделері жарастылықпен ұштасып отырады. Совет отаншылдығы еліміздің барлық ұлттары мен халықтары ажырастырмайды, қайта біртұтас туысқандық одақ етіп топтастырады. Советтер Одағы халықтарының барған сайын нығайып отырған мызғымас берік достығының негіздері осы деп білу керек. Мұнымен бірге Совет Социалистік Республикалар Одағының халықтары шет елдердегі халықтардың пұрсаты мен тәуелсіздігін хұрметтейді, көршілес мемлекеттермен тату және дос болып тұруға әрдайым даярлық білдіріп келеді. Мемлекетіміздің бостандық сүйгіш халықтар мен екі арадағы өркендеп, нығайып отырған байланысы совет адамдарымен біріккен ерек.

Совет адамдарымен біріккен ерек. Оларды жексұрын көруі олардың басқа ұлт болғандығынан емес, олардың халқымызды және бостандық сүйгіш барлық халықтарды ұшы-қыйыры жоқ бүліншілікке, азапқа ұшыратқандығынан. Халқымыз ежелден бері: «қасқырды сұрлығы үшін емес, қой жегені үшін ұрады» дейді. (КҮЛКІ. ҰЗАҚ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Неміс фашистерінің адамзатты жек көрушілік нәсіл теориясын идеологиялық құрал етіп ұстағандағы мақсаты — аюандық-ұлтшылдықты дәріптеу, құлдыққа түскен халықтарға неміс басқыншылардың үстемдік жүргізуіне саяси мораль жағынан жағдай туғызады.

Бірақ, гитлершілдер жүргізіп отырған нәсілді жек көру саясаты іс жүзінде неміс-фашист мемлекетінің ішкі әлсіздігінің және сыртқы саясатта бөлек қалуының негізі болды. Нәсілді жек көру идеологиясы және саясаты гитлершілдердің қарақшылық одағын ыдыратушы жағдайдың бірі болып отыр. Францияның, Югославияның, Польшаның, Чехословакияның, Грецияның, Бельгияның, Данияның, Норвегияның, Голландияның құлдыққа түсірілген халықтары ғана емес, Гитлердің бұрынғы сымбайластары — италяндардың, румындардың, финдердің, болгарлардың да неміс империалистеріне қарсы күреске шығуын кездей-соқ деп санауға болмайды. Гитлершілдер тобы өзінің қанішерлік саясатымен дүние жүзінің барлық халықтарының Германияға қарсы шығуына себеп болды, ал «таңдаулы неміс нәсілі» деген жалпы әлемге бірдей жексұрын болды.

Соғыстың барысында гитлершілдер соғыс жағынан ғана емес, сондай-ақ моральдық-саяси жағынан да жеңілді. Елімізде барлық нәсілдер мен ұлттардың бекінген теңдік идеологиясы, халықтардың туысқандық идеологиясы гитлершілдердің аюандық-ұлтшылдық және нәсілді жек көрушілік идеологиясын толық жеңіп шықты.

Қазіргі уақытта, Отан соғысы жеңіспен аяқталуға жақындаған кезде, совет халқының тарихи орны барынша толық көрінеді.

Совет халқы өзінің жанқиярлық күресімен Европа мәдениетін фашист талаушылардан құтқарғанын қазір жұрттың бәрі мойнындан отыр. Совет халқының адам баласының тарихы алдындағы ұлы еңбегі осында.

III. Германияға қарсы одақ майданының нығайуы және ұлғаюуы. Бейбітшілік пен хауіпсіздік туралы мәселе

Өткен жыл Германияға қарсы одақтың ортақ ісінің мерейі үстем болған жыл болды. Советтер Одағының, Ұлы Британия мен Америка Құрама Штаттарының халықтары осы ортақ іс үшін жауынгерлік одақ болып бірікті. Бұл жыл негізгі үш мемлекеттің гитлер Германиясына қарсы қыймылдарының бірлігі, ынтымағы нығайған жыл болды.

Тегеран конференциясының Германияға қарсы күш қосып қыймыл жасауы туралы қарары және бұл қарардың тамаша жүзеге асырылуы Гитлерге қарсы одақ майданының айқын белгілерінің бірі болды. Германияға қарсы күш біріктіріп соққы беру туралы Тегеран конференциясында жасалған жоспардай толық және дәлме-дәл жүзеге асырылған, бірақ біздің жауымызға қарсы бірлесіп үлкен соғыс операцияларын жүргізу жоспарлары тарихта аз табылады. Үш ұлы мемлекеттің көзқарасы бір жерден шығып, ынтымақпен қыймыл жасамағанда Тегеран конференциясының қарары мұндай толық және дәлме-дәл орындалмаған болар еді. Бұл күмән болмауы керек. Басқа конференциясы қарарының ойдағыдай жүзеге асырылуы Біріккен Ұлттардың майданын нығайту ісіне себепші болғаны да сондай күмәнсіз.

Думбартон—Окстегі конференцияның соғыстан кейін хауіпсіздік ұйымдастыру жөніндегі қарарында Біріккен Ұлттар майданының беріктігінің сондай айқын белгісі деп есептеу керек. Үш мемлекет арасында хауіпсіздіктің кейбір мәселелері жөнінде алалық пікір бар деген сөз айтылып жүр. Алалық пікір, әрине, бар және басқа бірсыпыра мәселелер жөнінде де болмақ. Алалық пікір тіпті бір партиядағы адамдар арасында да болады. Мұндай алалық пікір-әртүрлі мемлекеттер мен әртүрлі партиялардың өкілдері арасында да әрине болмай тұрмайды. Алалық пікірдің болғандығына емес оның өте аздығына және одетте әрдайым дерлік үш ұлы мемлекеттің бірлігі және істерінің ынтымақтығы рухында шешіліп келгеніне таңдану керек. Мәселе алалық пікірдің болуында емес — оның үш ұлы мемлекет бірлігінің мүддесінен шығып кетпей, сайып келгенде осы бірлік мүддесіне ылайық шешіліп отырғандығында. Біздегі алалықтың елеулісі екінші майдан ашу мәселесі жөнінде болғаны жұртқа мәлім. Алайда бұл алалық пікірдің сайып келгенде толық ынтымақпен шешілгені де сондай-ақ жұртқа мәлім. Думбартон-Окс конференциясында болған алалық туралы да осыны айтуға болады. Бұл конференцияның ерекшелігі онда кейбір алалық пікірдің көрінгендігінде емес, бұл конференцияларда хауіпсіздік мәселелерінің оннан тоғызы толық ынтымақпен шешілгендігінде. Сондықтан да менің ойымша Думбартон-Окс конференциясының қарарларын Германияға қарсы одақ майданының беріктігінің айқын бейнелерінің бірі деп тану керек.

Ұлы Британия үкметінің бастығы Черчилль мырзамен және Ұлы Британияның сыртқы істер министрі Иден мырзамен жақын арада Москвада толық ынтымақ және достық жағдайда өткізілген келіс сөздерді

Біріккен Ұлттар майданының нығайуының бұрынғыдан да айқын белгісі деп есептеу керек.

Біріккен Ұлттардың бірлігін бұзуға, біріне-біріне қарсы қоюға, олардың арасында сезіктену, араздық туғызуға, өзара сенбеушілік туғызып, мүмкіндігі болса бір-бірімен шабыстырып, олардың соғыс жөніндегі қыймылын әлсіретуге гитлершілдер бүкіл соғыс бойына жанын сала әрекет жасап келді. Гитлершіл саясатшылардың мұндай тырысуының мәнісі әбден түсінікті. Олар үшін гитлершіл империализмге қарсы күресте Біріккен Ұлттардың ынтымақтылығынан үлкен хауіп жоқ, олар үшін жалпыға бірдей жауға қарсы күресуші одақтас мемлекеттерді ажыратудан үлкен соғыс саяси табыс жоқ. Бірақ Ұлы мемлекеттер одағын бұзбақ болып фашист саясатшылары қанша ма күш салса да еңбектерінің еш болғаны белгілі. Бұл Совет Социалистік Республикалары Одағы мен Ұлы Британия және Америка Құрама Штаттары одағының кездейсоқ және өткініш дәлелдерге негізделмей, тіршілік маңызы бар баянды мүдделерге негізделгенін көрсетеді.

Гитлершілдердің жауынгерлік одағы соғыстың үш жылдан артық уақыты ішіндегі сымдарға төтеп берген болса, бұл одақ өздерінің бостандығы мен намысын қорғауға аттанған халықтардың қанымен нығайтылса, бұл одақ соғыстың қортынды кезеңіндегі сымдарға одан да бетер төтеп беретіні айқын. (ҰЗАҚ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Алайда, өткен жыл одақтас мемлекеттердің Гитлерге қарсы майданы нығайған жыл болып ғана қоймай, оның үстіне бұл майдан кеңейген де жыл болды. Италияның ізінше, Германияның басқа одақтастары — Финляндияның, Румынияның, Болгарияның соғыстан шығуын кездей-соқ іс деп есептеуге болмайды. Бұл мемлекеттер тек соғыстан шығып ғана қоймай, оның үстіне Германиямен ажырасып, оған соғыс жариялағанын, сөйтіп Біріккен Ұлттар майданына қосылғанын атап көрсету қажет. Мұның өзі Біріккен Ұлттардың гитлер Германиясына қарсы майданының кеңейгендігі күмәнсіз екенін көрсетеді. Германияның Европадағы ақырғы одақтасы — Венгрияның да таяудағы уақыт ішінде қатардан шығатындығына да күмән болмау керек. Мұның өзі гитлер Германиясының Европада жалғыз қалып, оның сөзсіз қыйрайтындығының белгісі болады.

Гитлер Германиясына қарсы Біріккен Ұлттар соғысты жеңумен аяқтағалы тұр.

Германияға қарсы соғыста Біріккен Ұлттар ұтады, — бұл жөнінде қазір ешқандай күмән болуы мүмкін емес.

Германияға қарсы соғыста ұту ұлы тарихи істің жүзеге асырылуы болады. Бірақ соғыстағы ұтқандық халықтардың баянды бейбітшілікке қолы жетуін, келешекте хауіпсіз болуына сенуін әлі де қамтамасыз еткендік болып табылмайды. Міндет тек соғыста ұту ғана емес, мұнымен қатар, мәңгіге болмағанмен, ең болмағанда ұзақ дәуір бойына жаңа шапқыншылықтың және жаңа соғыстың тууына мүмкіншілік бермеуде.

САЛТАНАТТЫ ЖЫЙЫЛЫС

8 ноябрьде облыстық театрда қаланың партия, совет, қоғам ұйымдары өкілдерінің Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығына арналған салтанатты жыйылысы болып өтті.

Салтанатты жыйылысты қалалық совет атқару комитетінің председателі Порфирьев жолдас ашты. ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарлары Нечаев, Пильгук, облыстық совет атқару комитетінің председателі Мұстафин, ҚК(б)П обкомі секретарінің орынбасары Төшенов, қалалық партия комитетінің секретарі Суриков, қалалық совет атқару комитетінің председателі Порфирьев, ҚЛКЖӨ облыстық комитетінің секретарі Маслцова жолдастар және өнеркәсіп орындарының таңдаулы стахановшылары президиумға сайланды.

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің саясаттық бюросының мүшелері ду қол шапалақтаумен хұрметті президиумға сайланды. Сталин жолдастың аты аталғанда, жыйылысқа қатысушылар ду қол шапалақтады, орындарынан тұрып хұрмет көрсетті. Советтер Одағының гимні ойналды.

ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Суриков жолдас Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндама жасады.

—Быйыл совет халқы октябрь мерекесін хасиетті жеріміз неміс басқыншылардан толық азат етілген жағдайда мерекелеп отыр. Қазір жауды оның өз үңгірінде жою ісі басталды. Батыр Қызыл Армиямыз шабуылды барған сайын дамыта отырып, зұлым жауды Батысқа қарай жөңкілте қууда.

Суриков жолдас Қызыл Армияның отан соғысы майдандарындағы тамаша жеңістерін айта келіп, тыл жауынгерлерінің еңбектегі ерліктеріне тоқталды. Облыс еңбекшілерінің мереке алдындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарын атап көрсетті.

Салтанатты жыйылыста Жоғарғы Бас қол басшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдасқа құттықтау телеграмма қабылданды.

Жыйылысқа қатысушылар жыйылыстан кейін «Жекпе-жек» постановкасын көрді.

Мереке алдындағы табысымыз

Петропавл қалалық электр станциясының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлер коллективі шабуылдағы батыр Қызыл Армияның жеңістеріне жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін тынбай еңбек істеп, октябрь айының өндірістік жоспарын 120 процент орындады. Сөйтіп Қазақстанның өнеркәсіп орындарының социалистік жарысында екінші орынға ие болып, облыстық қала шаруашылығы бөлімінің ауыспалы Қызыл туын үш айдан бері берік ұстап келеді.

Электр станциясының электр қуаты күшейтілді, кәсіп орындарына электр қуаты жеткілікті мөлшерде таралу нәтижесінде олар өндірістік жоспарларын әрдайым артығымен орындайды.

Ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер жасайтын цехтың жұмысшылары мереке алдындағы социалистік жарысқа жаппай қосылып, еңбек өнімін еселеп арттырды, күнделік жұмыс мөлшерін 120 процент орындап, ауыл шаруашылығы үшін көптеген бөлшек өндірді.

Феркель жолдастың бригада мүшелері жарыс туын жоғары ұстап, еңбек өнімін күн санап арттырып келеді. Соның нәтижесінде өткен айдың өндірістік жоспарын біржарым есеге дейін артығымен орындап, социалистік жарыста бірінші орынға ие болды.

Пашков пен Фролов жолдастар басқарған бригада мүшелері жұмыс уақытымен санаспай қажырлы еңбек істеп, күнделік жұмыс тапсырмаларын әрдайым 12—130 процент орындайды.

Апанин, Левидский және Попов жолдас тар басқарған бригада мүшелері мерекені лайықты тартулармен қарсы алу үшін жан-аямай еңбек істеп, күнделік жұмыс мөлшерін 150—200 процент орындап жүр.

Электр станциясының жұмысшылары ноябрь айының өндірістік жоспарын 25 ноябрьде толық орындап, ауыл шаруашылық машиналары үшін жоспардан тыс қосалқы бөлшектер өндірмек.

М. ЗАТУЛЬСКИЙ.

Қалалық электр станциясының директоры.

Жас соқашылардың мерекеге тартуы

Преснов ауданындағы «Баян» колхозының жас соқашылары Улы Октябрь социалистік Революциясының 27 жылдығы күнін желесі жылдың көктем егісіне көп жер әзірлеумен қарсы алды. Олар мерекеге дейін 548 гектар зябь жырты.

Октябрь алдындағы социалистік жарыс күндерінде жас соқашы Қанафин, Әбілмәжінов және Сәкенов жолдастар үздік жұмыс істеп, социалистік жарыста көрнекті табыстарға ие болды. Олардың әр қайсысы күн сайын 0,45 гектар зябь жырты орнына, 0,50-0,60 гектар зябь жыртып отырды.

Соқашы Әбілмәжінов жолдас онкүн ішінде 10,75 гектар зябь жыртып, тапсырманы 193 процент етіп орындады. Соқашы Сәкенов және Қанафин жолдастар да еңбек өнімін күн санап арттыру нәтижесінде, зябь жыртыу жұмысында көрнекті іс атқарады. Сәкенов жолдастың бір өзі зябь жыртыу маусымы басталғалы 75 гектар зябь жырты.

ҚК(б)П аудандық комитеті жас соқашылардың зябь жыртудағы қажірлі еңбегін зор бағалап оларға бағалы сыйлықтар тапсырды.

С. ШАЙМЕРДЕНОВ.

Үгітшілер тобының жұмысы нашар

Булаев ауданындағы «Сулы шоқ» ауыл шаруашылық артелінде үгітшілер тобы бар. Зұл топты бастауыш комсомол ұйымының секретарі Туяқбаев жолдас басқарады. Үгітшілер тобы көктемгі егіс кезінде пәрменді құмыс істеген еді. Соңғы уақытта үгітшілер тобының жұмысы нашар жүргізілуде. Иригадаларда қабырға газеттері шығарылмайды. Қолхозшыларға уақытында газет жылмайды.

Осының салдарынан колхозда астық тап-

сыру жұмысы мүлде нашар жүріп отыр. Колхоз астық тапсыру жөніндегі күнделік жоспарды орындаған емес. Күніне 125 центнер орнына, мемлекетке 40 центнердей астық ғана тасылады.

ҚК(б)П аудандық комитетінің үгіт-насихат бөлімі «Сулы шоқ» колхозының үгітшілер тобының жұмысын жақсарту үшін көмектесуі керек.

М. ЭМИНА.

Редакцияның адресі: ҚКСР Петропавл қаласы

Ленин көшесі 12 Полиграфия және издательство басқаруы

УШ 00678.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 5 ноябрь. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген:

«Флиссинген дұшпаннан тазартылды, одақтастар әскерлері осы қаладан солтүстік-ке қарай біраз алға басты. Вальхерен аралының шығыс жағалауына әскер түсірген одақтастар бөлімдері осы аралдың батыс бөлегіндегі әскерлермен қосылды. Голландия жерінде Стесенберген, Нив-Фоссен-меер мен Қладде алынды. Адденбостың солтүстік жағында Мари өзені бойындағы одақтастардың өткел аузындағы бекінісі кеңейтілді және одақтастар әскерлері Клюнберттей бір миль жерде тұр.

Одақтастар әскерлері тастап шығуға мәж

бүр болған Шмидт қаласына таяу жерде 4 ноябрьде күндіз дұшпанның қарсы атақалары тойтарылды. Одақтастар әскерлері Шмидт қаласына тағы да жақындап келеді. Бұл қаланың батыс және солтүстік-батыс жағында жаудың қарсылық жасау тораптары жойылды.

4 ноябрьде күндіз ауыр бомбашылар истребительдерді ертіп шығып, Германияның өнеркәсіп орталығы Золингенге шабуыл жасады. Ауыр бомбашылардың өте-өте ірі құрамалары кешкілікте Германияға тағы да шабуыл жасады. Бұл жолы Рур облысындағы Бохумға шабуыл жасалды. Орта және жеңіл бомбашылар Трир жанындағы соғыс складтарына шабуыл жасады.

Орта теңіз соғыс майданында

ЛОНДОН, 5 ноябрь. (ТАСС). Одақтас-тардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда одақтастар әскерлерінің ұрыс қыймылдары күзет әскерлерінің қыймыл жасауымен тынды.

Кеше ауыр бомбашылардың құрамалары истребительдерді ертіп шығып, жаудың Оңтүстік-Батыс Германиядағы, Австрия мен Югославиядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

Румынияның жаңа үкметі құрылды

БУХАРЕСТ, (ТАСС). Мына адамдардан жаңа үкмет құрылды: бас министр әрі соғыс министрі—Саватеску, бас министрдің орынбасары—Петр Гроза, ішкі істер министрі—Стенеску (ултшыл-царанист), сыртқы істер министрі—Вишоанов (партияда жоқ), оқу министрі—Войтек (социал-демократ), әлеуметтік қамсыздандыру министрі—Ра Дачану (социал-демократ), заң министрі—Патрашану (коммунист), қаржы министрі—Ромничану (Либерал), денсаулық сақтау министрі—профессор Даниэльополь (либерал), қоғам жұмысы министрі—Соломон

(ултшыл-царанист), еңбек министрі—Николау (кәсіпшілік одақтарынан), аз улттардың—профессор Владеску-Ракоша (отаншылдар одағынан), халық шаруашылығы министрі—Леукузна (ултшыл-царанист), қатынас министрі—Георгиу-Деис (коммунист), жеркәсіп министрі—профессор Худица (ултшыл-царанист), мәдениет және көркемөнер министрі—Хица-Пол (ултшыл царанист), соғыс өнеркәсібі министрі—Бофе Братияну (либерал), кооперация министрі—Фотиню (либерал).

Немістер тұтқынға алған бір топ мысырлықтарды Қызыл Армия әскерлері азат етті

1941 жылы Атлант мұхитында немістер Мысырдың «Зем-Зем» сауда кемесін суға батырған болатын. Бұл кеменің командасы мен жолаушыларын, барлығы 104 адамды немістер тұтқынға алып, Германияға жөнелткен болатын. 1944 жылдың басында немістер тұтқындағы мысырлықтарды Англиядағы неміс соғыс тұтқындарына айырбастамақ болып, Болгарияға әкелді. Қызыл Армияның Болгария жерінде ойдағыдай шабуыл жасауы нәтижесінде бұл мысырлықтар, оның ішінде кеменің командасынан 84 адам, жолаушылардан 20 адам, Кеңес жоғарғы командованиесінің бұйрығы бойынша немістердің тұтқынынан азат етілді.

Кеңес үкметі Соғыс командованиесіне бұл мысырлықтарды Британияның Болгариядағы генерал Окслей бастаған Соғыс миссиясына тапсыруға нұсқау берді. (ТАСС).

Будапешт әскерлері Шибеник портын алды

БЕЛГРАД, 5 ноябрь. (ТАСС). Югославия халық-азаттық армиясының жоғарғы штабы мынадай хабар берді: Далмацияда Югославия бөлімдері жерді дұшпаннан тазартуда болды және көп күнге созылған қатты ұрыстардан кейін Шибеник порты мен соғыс-теңіз базасын алды. Шибеник алынғаннан кейін Адриатик теңізінің 400 километрлік жағалауы дұшпаннан тазартылды.

Англия авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 5 ноябрь. (ТАСС). Англияның авиация министрлігі, 5 ноябрьге қараған түнде 1000нан аса самолеттің Германияға шабуыл жасағандығын хабар етті. Бохумге шабуыл жасалды, ол қатты бомбаланды. Үлкен өрттер шықты. Ганноверге және Батыс Германияның тағы басқа орындарына шабуыл жасалды.

Жауапты редактор
ОСПАНОВ.

«Ударник» кино-театрында. Бүгін және күн сайын көркем суретті «ЗОЯ»

Деген дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады.

Касса күндізгі сағат 3тен ашық. «Октябрь» кино-театрында күн сайын

«ЖАЛҒЫЗ ЖЕЛКЕН АҒАРАНДАЙДЫ» Деген дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады.

ның баспахазасы. УШ 00678.